Жарқайың ауданының апталық қоғамдық - саяси газеті

# Жарқайың тынысы

2013 жылдың 31 мамырынан бастап шығады. №23 (106) 29 мамыр жұма, 2015 жыл

## Құрметті жарқайыңдықтар!

31 мамыр - саяси қуғын-сүргін құрбандарын еске алу күні. Бұл - ауыр жылдар зобалаңын басынан өткерген ата-бабаларымыздың рухына тарих алдында бас иер қасиетті күн. Ресми мәліметтер бойынша саяси қуғын жылдарында 60 миллионға жуық адамдар құрбан болған. Олардан 24 миллионы ату жазасына бұйырылған, соның ішінде 4 миллионға жуығы біздің қазақстандықтар.

Сол жылдардың салқыны шарпымаған бірде–бір жан жоқ шығар. Біреу әкеден, біреу анадан, біреу бауырдан, біреу баладан айырылып аңыраған сол сұрапыл кез қанша жанды қан жылатты, қанша жанның ошағын сөндірді, қанша жанның тағдырына балта шапты. Сол кезді көзімен көрген куәгерлер бүгінгі өз егемендігі мен еркіндігіне қол жеткізген Тәуелсіз еліміздің бейбіт аспаны астында біздің Жарқайың ауданында бақытты ғұмыр кешуде..

Бүгінгі саналы, парасатты ұрпақ осынау бақытты күннің қандай қиындықпен келгенін, осы күн үшін қанша жанның құрбан болғанын білулері тиіс.

Біздер үшін, «елім», «халқым», «жұртым» деп кеуде соққан, біздің тәуелсіз қалпымыздан ажырамауымыз үшін, бостандығымыз үшін жанын қиған аға-апаларымыз бен ел боздақтарының аруағы алдында бас иіп, тарихтың осы бір ащы шындығын мәңгі есімізде сақтап, оны болашақ ұрпаққа жеткізу біздің адами және перзенттік парызымыз.

Нақақ шаһит болған нәубет құрбандарының рухы бәріміздің есімізде мәңгі сақталады.

**Жарқайың ауданының әкімі А.С. Үйсімбаев.**

## Құрметті балалар мен ата-аналар!

Сіздерді шын жүректен тамаша мереке – Халықаралық балаларды қорғау күнімен құттықтаймын!

Сендер біздің үмітіміз, болашағымызсыңдар. Біздің елімізде Елбасымыз Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың зор қамқорлығының арқасында сендердің білім алуларың мен демалыстарыңның дұрыс ұйымдастырылуына, спортпен шұғылданып, өздеріңнің қабілеттерің мен дарындарыңды ашып дамытуға барлық жағдайлар жасалуда.

Біз бүгін сендердің ақылды, ізгі жүректі және рухани дамыған, жерлестерің мен барша ел мақтан ете алатын азамат болып өсулерің үшін аянбай еңбек етіп жатқан ата-аналарыңа, ұстаздарың мен тәрбиешілеріңе алғысымызды білдіреміз.

## 31 мамыр-Саяси қуғын сүргін құрбандарын еске алу күні

«Саяси қуғын- сүргін» ұғымы Қазақстан үшін ерекше мәнге ие. 20– жылдардың соңындағы «Алашорда» қайраткерлерін қудалауды, 30- шы жылдардың басындағы халқымыздың тең жартысын жойған қолдан ұйымдастырылған аштықты, 1937-1938 жылдардағы ұлтымыздың ұйтқысы болған тұлғаларды тегіс тұтқындап, қырып – жойған жойқын жазалауды, ел басына түскен ауыртпашылықты адамдар санасында ешқашан ұмытылмауы тиіс. Жазықсыз жапа шеккендердің ішінде партия қайраткерлері де, ғалымдар да, дипломат та, қарапайым еңбек адамдары да бар. Бүгінгі сән - салтанаты жарасқан көрікті Қазақстанның тарихына көз жүгіртсек, олар жүзден аса ұлттар мен ұлыстар өкілдерінің жанқиярлық, ерікті, екпінді еңбегінің арқасында ғана емес, сталиндік тоталитарлық режим тұсындағы саяси және басқа сылтаулармен бас еріктерінен айырылған мыңдаған жазықсыз адамдардың экстенсивті, зорлықтың күшімен атқарылған, еріксіз еңбегі арқылы да бой көтергенін атап өткен ләзім.

Сондықтан да тәуелсіздік жолында күрескен ұлттық зиялыларымыздың есімдері ұлттық мүдде жолындағы белсенді қоғамдық – саяси қызметі бүгінгі тәуелсіз Қазақстан тарихының қасиетті төрінен орын алуы керек және ұмытылмауы тиіс. Еліміз аман әрқашанда, жұртымыз тыныш болсын!

**Аудандық мәслихаттың хатшысы Ұ.Ахметова.**

## Құрметті бүлдіршін балалар мен жасөспірімдер! Құрметті ата-аналар!

Балғын балалық шақ. Адам баласының осы бір риясыз, мұңсыз қуанышты кезеңін еске алып, сағынбайтын пенде жоқ шығар, сірә.Қызыққа толы балдәурен... Десе де

# «Қош бол, алтын ұя мектебім!»

*Жас жүректің өмірлік құштары –гүл,*

*Бағбан - ұстаз баулыған құстары бұл.*

*Қоштасып бүгінгі күн ұясынан*

*Сол құстардың бір тобы ұшқалы тұр* – деп ақын ағаларымыз жырлап кеткендей, осынау бір сырлы өлең жолдарымен 25 мамыр күні Нахимов негізгі мектебінде **«Қош бол, алтын ұя мектебім!»** атты жылдағы үрдіспен салтанатты жиын болып өтті. Жиынға Жарқайың ауданының экономика және қаржы бөлімінің бастығы Б.А.Ахметова ,Жарқайың ауданының Білім бөлімінің әдіскері Д.Б. Жумабекова және ауылдық округтың бас маманы Г.Б. Конурова , Нахимов ауылының бастапқы Нұр Отан партиясының төрағасы Н.А Яковлев, Ардагерлер кеңесінің төрайымы Рахметова Камал апай, қатысты.

Мектеп директоры Кайрбекова Гульбану Кабдешовна мектеп бітіруші түлектерді, ұстаздар қауымын және жиналған жұртшылықты соңғы қоңырау мерекесімен құттықтап түлектерге сәт сапар тіледі. Сонымен қатар оқу үздіктері мен оқу екпінділеріне мақтау қағаздары табыс етілді. Ауыл акиматының бас есепшісі үздік бітірген оқушыларға ақшалай сыйлық табыс етті. Мектебіміздің мақтанышы Әміркаш Ғұмырбекке мектеп ұжымының атынан ұялы телефон сыйға тартылды . Нахимов ауылының бастапқы Нұр Отан партиясының төрағасы Н.А. Яковлев Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың плакатын сыйлады. Мереке жалғасы мектеп бітіруші түлектердің ұстаздарына арналып шығарылған арнау өлең, ән – жырларымен мереке сәнін кіргізді. Мектеп бітіруші түлектерге балғын жас шыбықтар 1 - сынып оқушылар сәт сапар тілеп, тақпақтарын оқып сыйлықтарын табыс етті. Ізбасарлары 8-сынып оқушыларыда жас түлектерімізге өздерінің жылы лебіздерін арнады.Мереке соңына қарай ата – аналар сөз кезегін алып ұстаздарға ізгі тілектерін, ризашылықтарын білдірді. Соңғы соңырау соғу рәсімі 9-сынып оқушысы Кенжеғұлов Бағдат және 1- сынып оқушысы, оқу үздігі Батих Кенжебекке табыс етілді. Осылайша сыңғырлаған қоңырау үнімен қоштасқан мектеп бітіруші түлектер ұстаздар қауымымен қимай қоштасты. Мерекелік жиын өте жақсы дәрежеде өтті.

**Нахимов негізгі мектебінің Тәрбие ісінің**

**меңгерушісі: Ү.Т. Талапова.**

# Жарқайындықтардың назарына!

Жарқайың ауданының мемлекеттік мұрағаты «Мұрағаттық анықтамалар беру» мемлекеттік қызметі мемлекеттік мұрағаттарымен баламалы негізінде жеке және заңды тұлғаларға халыққа қызмет көрсету орталықтары (ХҚКО) арқылы және Қазақстан Республикасының «электронды үкімет» (e.gov) ережесі бойынша көрсетілетінін хабарлаймыз.

Мемлекеттік қызметті көрсету тәртібі мен оған қажетті құжаттар туралы толық ақпарат электронды Үкімет порталында: www.egov.kz, Ақмола облысы мұрағаттар мен құжаттамалар басқармасының интернет-ресурсында: otdel-arhivov@mail.ru, ресми ақпарат көздерінде, мемлекеттік қызмет көрсету орындарындағы ақпараттық тақталар мен стенділерде орналастырылады.

**«Жарқайың ауданының мемлекеттік мұрағаты» ММ.**

Қызметтік жалақы мөлшері: еңбек еткен жылдарына байланысты [illegible]

Конкурс Қазақстан Республикасы Білім және ғылымМинистрлігінің 2012 жылғы «21» ақпандағы № 57 Бұйрығымен бекітілген «Орта білім беру мемлекеттік ұйым басшыларын конкурстық алмастыру ережелері» негізінде жүргізіледі.

Орта білім беру мемлекеттік ұйым басшысының вакант орнына тұру үшін үміткердің Қазақстан Республикасы Конституциясын, Қазақстан Республикасының «Білім туралы», «Қазақстан Республикасындағы тілдер туралы», «Қазақстан Республикасындағы балалардың құқықтары туралы», «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы», «Неке және отбасы туралы» және білім беруді дамытудың бағыттары мен перспективаларын белгілейтін басқа да нормативтік құқықтық актілерді; педагогика және психология негіздерін; білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын; педагогикалық ғылым мен тәжірибе жетістіктерін; менеджмент, қаржы-шаруашылық қызмет негіздерін; еңбек туралы заңнамаларды, еңбекті қорғау, қауіпсіздік техникасы мен өртке қарсы қорғаныс ережелері мен нормаларын; санитарлық ережелер мен нормаларды білуі тиіс.

Әңгімелесуге жіберілген үміткерлер оны нақты конкурс бойынша біліктілік бағалау жүргізілгеннен кейін 5 жұмыс күні ішінде Жарқайың ауданының «Білім бөлімі» ММ өтеді.

Конкурсқа қатысуға қажетті құжаттар конкурс өткізу туралы хабарландырудың «Жарқайың тынысы» газетінде соңғы жариялнған сәтінен бастап 15 күнтізбелік күн ішінде мына мекен-жай бойынша: Державин к,, Ленин к., 30 (пошта индексі 021100) ұсынылуы қажет.

Конкурсқа қатысу үшін қажетті құжаттар тізімдемесі:

Еркін пішінде жазылған өтініш;

Жеке басын куәландыратын құжаттың көшірмесі;

Білімі туралы құжаттың көшірмесі;

Еңбек кітапшасының көшірмесі;

Фотосуретімен қоса кадрларға есеп жүргізу жөніндегі жеке парақ

Марапаттары мен жазаларын көрсете отырып алдыңғы жұмыс орнынан өндірістік мінездеме;

Біліктілік санаты немесе ғылыми дәрежесі болуы туралы құжат көшірмесі;

Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің м.а. 2010 жылғы 23 қарашадағы № 907 Бұйрығымен бекітілген (нормативтік құқықтық актілердің мемлекеттік Реестрінде № 6697 тіркелген) №086/У нысанды медициналық қараудан өтуі туралы анықтама

Тұлғаның қылмыстық құқықбұзушылық жасауы туралы ҚР Бас Прокуратурасының құқықтық статистика және арнаулы есеп жөніндегі Коимитетінің есебі бойынша мәліметтердің болуы немесе болмауы туралы анықтама

Конкурсқа қатысу үшін ұсынылған құжаттар көшірмесі нотариалды немесе жұмыс орнының кадр қызметімен куәландырылады.

Анықтама үшін телефондар:9-22-84, 9-15-91, факс 9-22-84.

# Хабарландыру

«ТКШҚаз Орталығы» АҚ жанынан Өңірлерді 2020 жылдарғы дейін дамыту Бағдарламасы аясында ТКШ жаңғырту және көп пәтерлі тұрғын үйлерді жөндеуді ұйымдастырудың сұрақтары бойынша CALL – Орталық ашылды. Телефон: 8-8000-8000-12, Қазақстан бойынша қоңырау шалу тегін.

**Жарқайың ауданының ТҮШ, ЖТ, АЖ және ТИ бөлімі.**